

Мақала  
FTAMP 16.31.41

<https://doi.org/10.55491/2411-6076-2024-2-162-171>

**А.М. Куркимбаева** 

философия докторы (PhD), қауымдастырылған профессор,  
Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті,  
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: aizhan--k@mail.ru

## АУДАРМА САПАСЫН БАҒАЛАУ (ТОРЕ ЯНСОННЫҢ «ТІЛ ТАРИХЫ: КІРІСПЕ» ЕҢБЕГІ НЕГІЗІНДЕ)

**Аңдатпа.** Аударма сапасын бағалау – аударматану ғылымының жылдам дамып келе жатқан қосалқы саласы. Ол түпнұсқа мәтін мен аударылған мәтін арасындағы байланыстарға назар аударады. Мақалада әлемдік лингвистика саласына танымал ғалым Торе Янсонның “The History of Languages: An Introduction” еңбегінің еліміздегі «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «100 жаңа оқулық» жобасы нәтижесінде аударылған «Тіл тарихы: Кіріспе» оқулығының аударма сапасын бағалау қарастырылады. Отандық тіл білімінде аталмыш жоба аясында аударылған оқулықтардың аударылу сапасын бағалау алғаш рет зерттеу нысанына алынды. Бұл – зерттеу жұмысымыздың өзектілігін арттыра түседі. Аударма сапасын бағалау батыс мемлекеттері тіл мамандарының назарынан тыс қалмайтын нысанға айналып үлгергені белгілі. Аталмыш ғылыми мақалада отандық аудармашылардың белгілі еңбекті аудару барысында қандай аударма әдістері мен терминдерді қолданғандығы жан-жақты талқыланады. *Зерттеу мақсаты* – лингвистика саласы мамандарын даярлайтын оқу орындарының оқытушылары мен студенттеріне арналған Торе Янсонның «Тіл тарихы: Кіріспе» оқулығының қазақ тіліндегі аудармасының сапасын зерделеу. Алдымызға қойған мақсатқа жету үшін келесі *міндеттер қойылды*: Торе Янсонның лингвистика саласындағы көрнекті еңбегіне және аударманы бағалауға арналған тәсілдерге шолу жасау, оқулықтың ана тіліміздегі аударма сапасын зерделеу. Талдау барысында осы еңбектің алғашқы тарауларының түпнұсқасы мен қазақ тіліндегі аудармасы пайдаланылды. Талдау нәтижесінде түпнұсқаның денотативті мазмұнын аударудағы бұрмалау, терминдерді аударудағы бірізділіктің сақталмауы және түпнұсқаның стилистикалық ерекшеліктерін беруге байланысты бұрмалаушылықтар анықталды. Зерттеу жұмысының *ғылыми маңыздылығы* отандық тіл білімі ғылымында ағылшын тілінен қазақ тіліне аударма сапасын бағалауды зерттеу аясын одан әрі кеңейтумен байланысты. Аударма сапасын бағалауға бағытталған зерттеу нәтижелерін аудармашыларды дайындау негіздері, аударма теориясы, тіл білімінің лингвотеориялық негіздері бойынша оқытылатын дәрістерде қолдануға болады.

**Тірек сөздер:** аударма сапасын бағалау, аударматану, ғылыми сала, оқу саласы, ағылшын тілі, қазақ тілі.

**А.М. Куркимбаева**

доктор философии (PhD), ассоциированный профессор,  
Казахский университет международных отношений и мировых языков имени Абылай хана,  
Казахстан, г. Алматы, e-mail: aizhan--k@mail.ru

## ОЦЕНКА КАЧЕСТВА ПЕРЕВОДА (НА ОСНОВЕ РАБОТЫ ТОРЕ ЯНСОНА «ИСТОРИЯ ЯЗЫКА: ВВЕДЕНИЕ»)

**Аннотация.** Оценка качества перевода – это быстро развивающаяся отрасль переводоведения. Основное внимание уделяется взаимоотношениям между исходным текстом и целевым текстом. В данной статье рассматривается оценка качества перевода работы известного ученого в области мировой лингвистики Торе Янсона «The History of Languages: An Introduction» («История языка: введение»). Перевод учебника был осуществлен в рамках государственной программы «Рухани жаңғыру» в русле проекта «100 новых учебников». *Актуальность нашей исследовательской работы заключается в том*, что до настоящего времени оценка качества перевода данной работы не являлась предметом исследований в отечественном языкознании. Это повышает актуальность исследовательской работы. Известно, что оценка качества перевода стала объектом пристального внимания западных лингвистов. В данной научной статье подробно обсуждается, какие методы перевода и научные термины использовались отечественными переводчиками в процессе перевода вышеназванного научного труда. *Цель исследовательского проекта* – оценивание качества перевода учебника Торе Янсона «История языка: Введение» на казахский язык. Следует отметить, что данный учебник предназначен для преподавателей и студентов учебных заведений, готовящих специалистов в области лингвистики. *Для достижения поставленной цели мы обозначили следующие задачи*: обзор выдающихся работ Торе Янсона в области лингвистики, обзор подходов к оценке перевода, оценка качества перевода учебника на казахском языке. В процессе анализа автором были использованы оригинал и перевод на казахский язык первой главы данного труда. В результате анализа выявлены искажения в переводе денотативного содержания оригинала, несоблюдение последовательности в переводе терминов, а также

искажения, связанные с передачей стилистических особенностей оригинала. *Научная значимость исследовательской работы* связана с дальнейшим расширением сферы изучения оценки качества перевода с английского на казахский язык в отечественной лингвистике. Результаты исследования, направленные на оценку качества перевода, могут быть использованы в лекциях по основам подготовки переводчиков, теории перевода, лингвотеоретические основы языкознания.

**Ключевые слова:** оценка качества перевода, переводоведение, научная сфера, учебная сфера, английский язык, казахский язык.

**A.M. Kurkimbaeva**

Doctor of Philosophy (PhD), Associate Professor,  
Kazakh Ablai Khan University of International Relations and world languages,  
Kazakhstan, Almaty, e-mail: aizhan--k@mail.ru

### TRANSLATION QUALITY ASSESSMENT (BASED ON THE WORK OF TORE JANSON "HISTORY OF LANGUAGE: AN INTRODUCTION")

**Abstract.** Translation Quality Assessment is a fast growing sub-field of Translation Studies. It focuses on the relationships between the source text and target text. The research project deals with the evaluation of the quality of translation of the work of the famous scholar in the field of world linguistics Tore Janson "The History of Languages: An Introduction". The translation of the 100 new textbooks in the Kazakh language was carried out within the framework of the state program "Rukhani Zhangyru". *The relevance of our research work* lies in the fact that so far the evaluation of the quality of translation of this work has not been the subject of research in domestic linguistics. This increases the relevance of the research work. It is known that the evaluation of translation quality has become the object of close attention of Western linguists. This research project discusses in detail what translation methods and scientific terms were used by domestic translators in the process of translating the above-mentioned scientific work. *The purpose of the research project* is to evaluate the quality of translation of Tore Janson's textbook "The History of Languages: An Introduction" into Kazakh. It should be noted that this textbook is intended for teachers and students of educational institutions preparing specialists in the field of linguistics. *In order to achieve the goal* we have outlined the following tasks: review of Tore Janson's outstanding works in the field of linguistics, review of approaches to translation evaluation, evaluation of the quality of translation of the textbook in Kazakh. In the process of analysis, the author used the original and Kazakh translation of the first chapter of this work. The analysis revealed distortions in the translation of the original's denotative content, inconsistencies in the translation of terms, as well as distortions related to the transfer of the original's stylistic features. *The scientific significance of the research work* is related to the further expansion of the scope of the study of translation quality assessment from English into Kazakh in the domestic linguistics. The results of the study, aimed at assessing the quality of translation, can be used in lectures on the basics of translator training, translation theory, linguo-theoretical basics of linguistics.

**Keywords:** translation quality assessment, translation studies, scientific sphere, academic sphere, the English language, the Kazakh language.

#### Кіріспе

Зерттеу жұмысымызға арқау болып отырған швед лингвисті және профессоры Торе Янсонның «Тіл тарихы: Кіріспе» оқулығы – «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы аясында ағылшын тілінен қазақ тіліне аударылған жүз жаңа оқулықтың бірі. Бұл оқулық лингвистика саласы бойынша айтулы еңбек болып табылады. Қоғам үшін осындай маңызды еңбектің ана тілімізге аударылуы – рухани қуаныш. Торе Янсонның «The History of Languages: An Introduction» оқулығы орыс тіліне аударылмаған. Оқулық түпнұсқадан қазақ тіліне аударылған. Аталмыш оқулық 17 бөлімнен тұрады. Түпнұсқасының көлемі – 280 бет. Аударма нұсқасында 244 бет деп берілгенмен, оқулық нақты 223 беттен тұрады. Түпнұсқа мен аударманы салыстырғанда, аударма мәтіні түпнұсқаға қарағанда көлемі жағынан қысқарақ шыққан. Әлемдегі тілдер тарихынан бай ақпарат беретін оқулықты ана тілімізге аударған – «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры. Оқулық 2019 жылы аударылып, оқырмандарға жол тартты. Оқулықтың негізгі адресаттары – жоғары оқу орындарының оқытушылары мен профессорлары, шет тілі және тіл тарихы бойынша білім алып жатқан студенттер, магистранттар. Осы «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы аясында жарық көрген 100 құнды туындының әрқайсысы 10000 данамен басылып, еліміздің 130 университетіне таратылып, оқу бағдарламаларына енді. Торе Янсонның «Тіл тарихы: Кіріспе» оқулығын әрбір студент өз университетінің кітапханаларынан таба алады. Қарастырып отырған

аудармаға қысқаша шолу жасай отырып, бұл аударманың академиялық сұранысқа сай аударма болып табылатынын және оның әлі салыстырмалы аударма тарапынан арнайы ғылыми зерттеу нысаны болмағандығын атап өтеміз. Осындай оқулықтардың аудармасының сапасын бағалау – заман талабынан туған қажеттілік.

Танымал оқулықтың авторы Торе Янсон Гетеборг университетінде қызмет етіп, бірнеше жыл латын тілін зерттеумен айналысқан. Автор сонымен қатар шығыс және африка тілдерін де терең зерделеуден өткізген. Ғалым тіл мен қоғамның арасындағы байланысты зерттей отырып, тілдің қандай өзгерістерге ұшырайтынын саралады. Әлемдік бестселлерге айналған «The History of Languages: An Introduction» еңбегін Оксфорд университетінің баспаханасы 2012 жылы жариялады. Ғылыми туындыда автор әлемдегі тілдердің өткен тарихы мен болашағы туралы ой толғайды.

Аударма – бірнеше лингвистикалық және экстралингвистикалық факторларды қамтитын күрделі процесс екені анық. Аудармадағы экстралингвистикалық факторлар мәтіндермен, аудармашылармен, тілдермен және қоршаған ортамен байланысты. Бірнеше жылдан бері аудармашы аударған контент пен жасанды интеллект, яғни машина аудармасы сапасын талдап жүрген Dublin City University зерттеушісі Sheila Castilho бұндай күрделілік аударманың соңғы нәтижесінің сапасын бағалауда біршама қиындық тудыратындығын айтқан (Castilho et al., 2018: 10).

Теориялық және практикалық тұрғыдан аударма сапасын бағалау – аударма саласындағы ең көп талқыланатын тақырыптардың бірі. Бүгінгі таңда аударма сапасын бағалау саласындағы зерттеулер заман талабынан туындайды. Қазақ тілді аудиторияның талабынан шыға білетін аударма нарықта үлкен сұранысқа ие болып, бәсекеге қабілетті келеді. Әдебиет порталы өзінің Ютуб арнасында «Қазіргі аударма сапасы туралы» бағдарламаларын жүргізеді. Бүгінгі таңда аталмыш порталдың 42000 тыңдаушысы бар. Бұл да өте орынды, дер кезінде көтерілген мәселе. Аудармашылар мен оқырмандар «Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы аясында аударылған «Адамзат тарихына шолу» оқулығының аудармасы туралы оң пікірлерін білдірді. Аталмыш бағдарламада жүргізушілер аудармашы тарапынан жіберілген кейбір қателерге мысал келтіреді (Әдебиет порталы).

Көп жағдайда аударма сапасын бағалау бүгінгі күні батыс ғалымдарының еңбектерінде көрініс тапқан. Соңғы кезде елімізде көптеген шетелдік бестселлерлер, әсіресе, әдеби және фантастикалық жанрдағы шығармалар, психологиялық еңбектер ағылшын тілінен қазақ тіліне аударылды. Ал сол аудармалардың сапасын бағалауға қатысты кешенді түрде жүргізілген ғылыми жобалар немесе еңбектер отандық ғылымда жоқтың қасы.

Зерттеушілердің осы жұмысын одан әрі қарай жалғастыру, отандық аударматану ғылымына жаңа леп, жаңа ізденіс берері сөзсіз. Осы кезге дейін тек көркем аудармалардың аударма сапасы жөніндегі мақалалар мен ғылыми еңбектер жарияланған. Сондықтан «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» шеңберінде жарыққа шыққан академиялық стильдегі оқулықтардың аударма сапасын бағалау өзекті болып табылады. Бұл оқулықтарды ЖОО студенттері мен оқытушы-профессорлар құрамы оқу үрдісінде қолданып жүр. Оқытушылар мен студенттерден осы аударылған оқулықтардың оларға қаншалықты түсінікті екенін білу де қызығушылық тудырады.

### **Материал және әдістер**

Зерттеудің материалдары ретінде лингвистика саласында құнды оқулықтардың бірі швед ғалымы Торе Янсонның «The History of Languages: An Introduction» оқулығының қазақ тіліндегі аудармасы «Тіл тарихы: Кіріспе» оқулығының алғашқы тарауларының түпнұсқасы мен аудармасы пайдаланылды. Қарастырып отырған оқулықтың аударма сапасын бағалау барысында салғастырмалы талдау әдісі, салыстыру, жүйелеу және сипаттау әдістері қолданылады. Салғастырмалы талдау әдісі аударма қателіктері мен сәйкессіздіктерін анықтауға, сондай-ақ олардың ерекшеліктерін зерттеуге және дұрыс шешімдерді табуға мүмкіндік береді. Аударма негізінде оның қызметтерін зерттеу барысында мәтіннің лингвистикалық ерекшеліктерін сәйкестендіру арқылы дискурсивті талдау әдісі қолданылды. Аталған оқулықтың ағылшын тілінен қазақ тіліне тікелей аударылу ерекшеліктеріне функционалдық және прагматикалық

аспектілерде талдау жүргізілді. Зерттеу барысында қолданылған әдістер түпнұсқа мен аударылған оқулықтың аударма сапасын бағалауға өз үлесін қосады.

### Әдебиетке шолу

Аударма сапасын бағалау аударматану саласында ХХ ғасырдың 1950 жылдарынан бері қолданыста. Аталмыш кезеңнен бері аударма сапасын бағалауға арналған еңбектер ғылым көкжиегінде жарыққа шыға бастады.

Оттава университетінің ғалымы М. Williams: «Аударма сапасын бағалаудың өзектілігі мен негізділігі бұрынғыға қарағанда біршама артты: кәсіби аудармашылар, оларға тапсырыс берушілер, зерттеуші-аудармашылар және тағлымдамадан өтуші аудармашылардың көпшілігі түрлі себептермен аударма сапасын бағалауға сүйенеді», – деген тұжырым жасайды (Williams, 2009: 12). Ғалымның пікірінше, аударма сапасын бағалау жүйесі аударма ғылымындағы басты мәселе болып табылатын кез келген аударма теориясының негізінде жатыр.

Шын мәнінде, аударма саласына қызығушылық танытатын әр адам көбінесе дереккөздерге (олардың шынайылығына) баға береді, түпнұсқа авторлары мен аудармашыларға бағасын береді (олардың эстетикасы, әсер етуі мен оның жұмысына тигізетін әсері), түпнұсқа және аударылған мәтіндерді таразылайды (Williams, 2009: 20).

Теориялық тұрғыдан алғанда аударма сапасының аспектілері халықаралық жоғары деңгейде Біріккен Ұлттар Ұйымы мен Еуропалық Одақ аясында да зерттелді (Fernando, 2015: 18).

Аударма сапасын бағалау J. House (1977), B. Hatim (1998), S. Lauscher (2000), S. Colina (2008), M. Williams (2009), T. Conde (2012), Ö. Temizöz (2016), E. Calvo (2018) сияқты бірқатар батыс ғалымдарының еңбектерінде көрініс тапты.

Аударма саласына қатысты көптеген мәселелер тапсырыс берушілердің аударылған мәтін сапасына қанағаттанбауынан туындайды. Аудармашылар сонымен қатар басқа аудармашының жұмысын сыни тұрғыдан қайта қарастырады. Түпнұсқаға сай келетін сапалы аударма жасау – аудармашылар үшін басты мақсат болып табылады.

Juliane House – аударма саласының маманы, неміс лингвист-ғалымы алғашқылардың бірі болып 1977 жылы аударма сапасын бағалау үлгісін ұсынды. Ғалым 1997 жылы аталған үлгіге бірқатар өзгертулер мен толықтырулар енгізіп, 2015 жылы аударма сапасын бағалаудың үшінші мәрте жетілдірілген үлгісін жасайды, нәтижесін «Translation quality assessment: past and present» атты ғылыми еңбегінде баяндаған (House, 2015: 82). Аталмыш еңбектерінде зерттеуші аударма процесін лингвистикалық мәтіндік операция ретінде қарастырып, қорытындылай келе, «аударма – лингвистикалық әрекет» деген тұжырым жасайды.

Сонымен қатар аудармадағы барабарлық мәселесі де ғалымның назарынан тыс қалмады, өзге зерттеушілердің барабар аудармаға аса көңіл аудармай, аударма процесінде барабарлықты екінші орынға қоюын құптай қоймады.

Аударма сапасын бағалау үшін мәтіндік талдауды түбегейлі жүргізу қажеттілігі туындайды, яғни түпнұсқа мен аудармаға жеке-жеке тиянақты талдау жүргізіледі. Аударма сапасын бағалауда түпнұсқа мен аударманы салыстыру барысында имплицитті немесе эксплицитті қателіктерге көп көңіл бөлінеді.

Juliane House ондай қателіктерді «overt errors» және «covert errors» деп қарастырады (House, 2015: 75). Аударма сапасын бағалау барысында аударманың баламалық тұстарына да басты назар аударылады.

Аударма – тәуелді және туынды мәтін, олай болса, аударма сапасын бағалауда түпнұсқа мәтін мен аударылған мәтінге лексикалық, синтактикалық және мәтіндік талдаулар қатар жүргізіледі. Аталған осы үш критерий аударма сапасын бағалауда басты назарда болуы тиіс.

Испаниядағы Кастилья-Ла-Манча университетінің ғалымы Roberto Martínez Mateo – аударма саласында он жыл көлемінде фрилансер қызметін атқарған тәжірибелі аудармашы. Қазіргі кезде аталған университетте ағылшын тілінен дәріс береді және тәжірибелі аудармашы ретінде аударма сапасын бағалаумен айналысып жүрген зерттеуші. Ғалым өз мақаласында кәсіби аударма сапасын бағалаудың сапалық және сандық тәсілдерінің үйлесімділігін қарастырады. Зерттеуші аударма сапасын бағалаудың үш сатысын 1-суретте көрсетілгендей анықтайды. Алдымен аударманың сапасын анықтау, содан соң тәсілін анықтау, соңғы кезеңінде аударманы



сәйкесінше бағалау (Mateo, 2016: 40).



1-сурет – Аударма сапасын бағалаудың үш сатысы

Зерттеу барысында отандық аударматануда аударма сапасын бағалауға қатысты еңбектердің арасынан түпнұсқа мен аударма мәтінді салғастыра зерттеу көбінесе көркем әдеби аударма саласын қамтитындығы байқалды.

Профессор Т.О. Есембеков «Мәтінді аудару және интерпретация» тақырыбымен берілген ғылыми мақаласында: «Аударылатын мәтінді тәржімалауға дайындық көп сөз болғанымен, ол мәтінді қабылдау, түсіну, талдауға ғана негізделген, ал оны бағалау мен теңестіру сияқты әрекеттер сөз бола бермейді», – деген тұжырым жасаған (Есембеков, 2007: 5). Ғалым мақаласында аударма сапасын бағалау отандық тіл білімі, аударматану саласының ғалым-зерттеушілері назарынан тыс қалмауына да назар аударады.

Қазіргі уақытта біздің топ ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті 2023-2025 жылдарға арналған ғылыми жобасы аясында «Аударма сапасын бағалау: ғылым және оқу салалары» бойынша ғылыми жоба шеңберінде тікелей ағылшын тілінен қазақ тіліне аударылған филология саласы бойынша оқулықтардың аударма сапасын бағалау жұмысын жүргізіп келеді.

Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің зерттеушісі Н.А. Аубакир «National Geographic» журналында мемлекеттік тілде жарияланған мақалаларды неміс ғалымы Джулиана Хаустың үлгісін пайдалана отырып, ғылыми-танымал дискурстың аударма сапасын бағалауға арнаған мақаласын жариялады (Аубакир, 2019: 30).

А.Қ. Жұмабекова мен А.Е. Ауелбекова «Ғылыми дискурстың баламалылығына жету аспектілері» атты мақаласында алғашқы рет «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы аясында Карен Армстронгтың «Құдай тарихы: 4000 жылдық иудаизм, христиан және ислам іздеуі» атты университеттерге арналған дінтану оқулығының ағылшын тіліндегі түпнұсқасы және қазақша аудармасына функционалдық және прагматикалық аспектілерде талдау жүргізді (Жұмабекова т.б., 2021: 114).

#### **Нәтижелер және талқылау**

Лингвистика және аударма саласындағы жетекші зерттеушілердің бірі В.Н. Комиссаров түпнұсқа мәтіннің мазмұнынан ауытқу дәрежесін төрт түрге бөледі:

- түпнұсқа мазмұнының өрескел бұрмалануы;
- мағынаның қате берілуі;
- түпнұсқа мәтін стилін дәл бермеу;
- аударма тілінің міндетті нормаларын бұзу, бірақ соған қарамастан баламалылық талабын қанағаттандырады (Комиссаров, 2000: 85).

Д.М. Бузаджи бастаған авторлық ұжымның «Новый взгляд на классификацию переводческих ошибок» атты еңбегінде арнайы әдебиеттер мен құжаттамаларды аудару сапасы мәселелерін қарастырады. Аударма сапасын бағалау мәселесіне байланысты негізгі теориялық ережелерге қысқаша сипаттама бере отырып, аударма қателерінің категорияларын ұсынады (Бузаджи, 2009: 33).

Авторлар аудармада кездесетін қателерді төмендегідей 4 топ бойынша жіктейді:

*1-топ – мәтіннің денотативті мазмұнына байланысты мағынасын берудегі бұрмалаушылықтар:*

- ақпаратты түсіріп тастау, қосу, алмастыру;

2-топ – түпнұсқаның стилистикалық ерекшеліктерін беруге байланысты бұрмалаушылықтар:

- түпнұсқа мәтінінің функционалдық-стильдік/жанрлық ерекшеліктерін берудегі бұрмалаушылықтар, түпнұсқаны калькалау, нормативтік немесе узуалды сөз тәртібінен ауытқу;

3-топ – авторлық бағалауды беруге байланысты бұрмалаушылықтар:

- түпнұсқаның экспрессивті фонның (жағдайының) дұрыс берілмегендігі; авторлық баға мен авторлық стильді берудегі қателер;

4-топ – нормативтік және узуалды қателер:

- АТ орфографиялық және пунктуациялық нормаларының бұзылуына байланысты қателер. Оларға жалқы есімдерді дұрыс аудармауға байланысты қателер, рәсімдеу ережелерін сақтамау, АТ стилистикалық нормаларының айқын бұзылуына байланысты қателіктер (яғни АТ прескриптивті нормаға сәйкес келмейтін сөздерді, сөз формаларын, сөз тіркестерін, құрылымдарды қолдану). Сандық деректердің нақты түрлерін берудегі бұрмалануларға байланысты қателер (ондық бөлшектің белгілері және разрядтарды бөлгіштер, күндер мен тәуліктік уақыт, өлшемдер мен салмақтар және т.б.). Мәтіннің осы түріне АТ қойылатын рәсімдеу талаптарын бұрмалауға байланысты қателер (Бузаджи, 2009: 34). Аударма сапасын бағалау барысында осы жіктеу басшылыққа алынады.

1-мысал

*Түпнұсқа:* The first emperor managed to accomplish a great deal: among other things, he had an enormous sepulchral monument built to himself, including the famous terracotta army of warrior statues that was discovered and excavated a few decades ago (Janson, 2012: 65).

*Аударма:* Бірінші император көптеген жетістікке жетті: ол өзіне алып кесене орнатты, оны терракоттан (күйдірілген сазбалшықтан) жасалған әскер қорғап тұратын. Бұл топыраққа көміліп қалған кесене кешені 1970 жылдары табылып, әлі де аршылып, археологиялық жұмыс жүріп жатыр (Ұлттық аударма бюросы, 2019: 62).

Аталмыш мысалда аудармашы тарапынан түпнұсқада берілмеген жылды көрсету және өз тарапынан ақпарат қосқандығы байқалады. Бұл жерде Д.М.Бузаджидің 1-топты қатесі, яғни түпнұсқаның денотативті мазмұнын аударудағы бұрмалауды көруге болады. Түпнұсқа сөйлемде археологиялық жұмыстардың жүріп жатқандығы жөнінде сөз қозғалмайды. Аудармашы «терракота» сөзінің мағынасын жақша ішінде түсіндірмесін берген. Бұл өте орынды шешім. Дегенмен, «терракоттан жасалған әскер» дегенге қарағанда, «терракота әскері» немесе «сазды әскери мүсіндер» деп алған орынды.

2-мысал

*Түпнұсқа:* Nowadays we know that our species was not created in a moment but developed from earlier forms that *were more similar to apes than we are* (Janson, 2012: 4).

*Аударма:* Қазір біз бірден осы күйде пайда бола салмағанымызды білеміз (Ұлттық аударма бюросы, 2019: 16).

Екінші мысалда аудармашы түпнұсқадағы *were more similar to apes than we are*, яғни алғашқыда адам тегі адам тәріздес маймылдардан пайда болды деген сөз орамдарын түсіру әдісі арқылы өте ұтымды аударған. Біздің діни сеніміміз бойынша адамды жаратқан – Жаратушы Ие. Діни дискурс Дарвиннің адамның эволюциялық даму сатысын жоққа шығарады. Дегенмен аудармада ақпаратты түсіріп тастау Д.М. Бузаджидің 1-топты қатесі, яғни түпнұсқаның денотативті мазмұнын аударудағы бұрмалау деп саналады. Жалпы түпнұсқа мен аударманың бір-біріне сай келуін қадағалау маңызды, өйткені оның семантикалық және тілдік норманың сақталуына әсері үлкен.

3-мысал

*Түпнұсқа:* The script was not always easy to interpret, as many characters may mean either what they depicted or the sound value of that word. This is why there were also explanatory signs, called determinatives (Janson, 2012: 57).

*Аударма:* Сына жазуларын интерпретация жасау оңай болмаған, өйткені кей символдар өз бейнесінің мағынасын, кейбірі сөздің дыбыстық бейнесін беруі мүмкін. Сондықтан «анықтағыштар» деп аталатын түсіндірме таңбалар болған (Ұлттық аударма бюросы, 2019: 55).

Түпнұсқадағы «determinatives» термині «анықтағыштар» ретінде аударылған. Қарастырып отырған терминді тіл білімінде «анықтағыштар» деп аударған сәттер кездеспейді. Терминком.кз сайтында, мысалы, «детерминанты перевода» термині «аударма детерминанттары» ретінде әдебиет пен лингвистика саласында бекітілген термин. Осыған орай «анықтағыштар» терминінің орнына бекітілген «детерминанттар» терминін қолданған орынды. Аудармашы оқулық аудармасының соңында оқулықтағы ұғымдардың ағылшынша-қазақша сөздігін ұсынған. Бұл жерде «determinatives» терминін «анықтауыштар» деп берген. Жалпы бір термин оқулық бойынша барлық кезде бірдей берілгені жөн.

*4-мысал*

*Түпнұсқа:* These languages are not well described (Janson, 2012: 10).

*Аударма:* Хойсан тілдері аса қатты зерттелмеген (Ұлттық аударма бюросы, 2019: 20).

Аударма мәтінде «бұл тілдер» сөз орамының орнына аударма барысында нақтылау трансформациялық әдісінің қолданылып тұрғанын көреміз. Аудармашы нақтылау трансформациясын қолдана отырып, оқырмандарға нақты қай тіл туралы сөз болып отырғандығына назар аударуды көздеген. Қарастырып отырған сөйлемде «described» сөзі «зерттелмеген» деп аударылған. Түпнұсқада бұл тілдердің жақсы сипатталмағаны баяндалады.

*5-мысал*

*Түпнұсқа:* In modern Chinese, just over 200 radicals are in use, and there are fewer than 1,000 characters that stand for pronunciations (Janson, 2012: 62).

*Аударма:* Қазіргі қытай тілінде қолданыста 200 радикал және дыбысталамды білдіретін 1000 символ ғана бар (Ұлттық аударма бюросы, 2019: 60).

Қарастырып отырған сөйлемде «radical» термині «радикал» ретінде аударылған. Аталмыш термин студенттерге түсініксіз. Айова университетінің қытайтанушы ғалымдары қытай тілінде қолданылатын «радикал» терминіне келесідей анықтама береді: «Radicals are defined as «the smallest, meaningful orthographic units that play semantic or phonetic roles in compound characters» (Shen, 2007). Осы терминді «түбір» немесе «мағыналық ақпаратты жеткізетін графикалық компонент» деп аударуға болады. Оқулықта берілген ұғымдардың ағылшынша-қазақша сөздігінде аудармашы «радикал» терминінің мағынасына тоқталып кеткенде, аталмыш термин студенттерге түсінікті болатыны сөзсіз.

*6-мысал*

*Түпнұсқа:* Nineteenth-century linguists generally thought that languages in societies where the material culture is not very advanced were simpler and somehow less highly developed than the languages we speak in Western societies (Janson, 2012: 11).

*Аударма:* XIX ғасыр лингвистері материалдық байлық аса дамымаған қоғамда тілдер *қарабайыр, қарадүрсін* деген пікірде болған (Ұлттық аударма бюросы, 2019: 21).

*Аудармаға байланысты ұсынылған өз нұсқамыз:* XIX ғасыр тіл мамандары өркениетті батыс елдерінің қоғамындағы сөйлеу ерекшеліктеріне қарағанда, материалды және мәдени тұрғыда айтарлықтай дамымаған қоғамның тілі қарапайым, жеңіл деп есептеген.

Аударма әдеби стильде аударылған. «Аударма ісі» оқу бағдарламасы бойынша білім алып жатырған екінші және төртінші курс студенттері «қарабайыр, қарадүрсін» лексемаларының мағынасын түсінбеді. Ағылшын тіліндегі «material culture» сөз тіркесі – *терминком.кз* сайтында «материалдық мәдениет» ретінде 2018 жылы бекітілген термин. Аудармада аталмыш термин «материалдық байлық» ретінде берілген. Сонымен қатар түпнұсқадағы «Western societies» сөз орамы аударма барысында түсірілген. Оқулықтың авторы батыс қоғамының өкілі ретінде батыс әлемін басқа қоғаммен салыстырып отырғандықтан, аталмыш сөз орамының аудармада түсірілмегені жөн. «Тіл біліміне кіріспе» және «Тіл білімінің лингвотеориялық негіздері» пәндері біздің жоғары оқу орындарында бірінші курста оқытылады. Сондықтан аударма тілі мектепті жаңа бітіріп келген студенттердің қабылдауына жеңіл болғаны жөн.

*7-мысал*

*Түпнұсқа:* The Indo-European languages as well as the Bantu languages seem to have arisen through development from an original language: in such cases it is customary to talk about a parent language and daughter languages (Janson, 2012: 39).

*Аударма:* Банту тобындағы тілдер де үндіеуропа тобындағы тілдердей бастапқы бір тілден өрбіп шыққан тәрізді; солай болған жағдайда, дәстүр бойынша «әке тіл» мен «бала тіл» деп сөйлейміз (Ұлттық аударма бюросы, 2019: 43).

Оқулықтың 216-219 беттерінде аудармашы тарапынан оқулықтағы ұғымдардың ағылшынша-қазақша сөздігі ұсынылған. Әрине, бұл аудармашы тарапынан елеулі үлес. Осы сөздікте «parent language» терминінің «баба тіл» ретінде қазақ тіліндегі баламасы берілген. Дегенмен оқулық ішінде «әке тіл» (43-б.) және «прототілдер» (49-б.) ретінде аударылған. Жалпы қазақ тіл білімінде «әке тіл» және «бала тіл» деген түсініктер кездеспейді. Аудармада аталмыш терминдерді «прототіл» және «туыс тілдер» деп аударуға болады.

#### 8-мысал

*Түпнұсқа:* There are a few books that partially cover the same ground as the present one. Fischer (1999) is much more about linguistics and language groups and much less about history (Janson, 2012: 44).

*Аударма:* Фишер (Fisher, 1999) лингвистика мен тіл топтары туралы көп әңгімелеп, тарихқа онша бармады (Ұлттық аударма бюросы, 2019: 47).

Бұл мысалда бірінші сөйлемнің аударылмай қалғанын көре аламыз. Аудармашы түсіру трансформациясын қолданған. Аударма барысында маңызды ақпаратты түсіру толық немесе кәте аудармаға әкелетін сәттер де болады.

#### 9-мысал

*Түпнұсқа:* Dogs bark, cats meow, mice squeak, horses neigh, and monkeys chatter (Janson, 2012: 6).

*Аударма:* Ит үреді, мысық мияулайды, тышқан шикылдайды, жылқы кісінейді, маймыл әртүрлі дыбыстар шығарып «сөйлеседі» (Ұлттық аударма бюросы, 2019: 18).

Аудармада маймыл әртүрлі дыбыстар шығарып «сөйлеседі» деген бөлімінде аудармашының тырнақшаға алу себебі түсініксіз. Аталмыш сөйлемде маймыл бір-бірімен сөйлесуге көмектесетін көптеген дыбыстар шығарады немесе тырнақшаны алып тастаған жағдайда, маймыл әртүрлі дыбыстар шығарып *тілдеседі* десе болады.

#### 10-мысал

*Түпнұсқа:* People who study animal communication have found that many species use tens of different signals (Janson, 2012: 7).

*Аударма:* Жануарлардың қарым-қатынасын зерттейтін адамдар көптеген түрлердің ондаған әртүрлі сигналды пайдаланатынын тапқан (Ұлттық аударма бюросы, 2019: 18).

*Аудармаға байланысты ұсынылған өз нұсқамыз:* Жануарлардың қарым-қатынасын зерттейтін адамдар олардың ондаған әртүрлі сигналды пайдаланатынын анықтаған.

Аудармада мәселе жануарлардың коммуникацияға түсуі туралы болып тұрғандықтан, «көптеген түрлердің» орнына «олардың» деп қалдырғаны аударма сапасын арттыра түсері хақ.

### Қорытынды

Қорытындылай келе, аударма сапасын бағалау барысында мынау «жақсы аударма» немесе «мынау жаман аударма» деп айту – тым жеңіл түсініктің салдары. Сондықтан аударманың сапасын анықтау барысында ғылыми терминдер мен ғылыми ой жүйесін қолдана отырып талдау, тұжырымды дәлелдеу керек. Бұл – ежелден тәжірибеге енген ұстаным.

Аударма үдерісінде жоспарлау, ұйымдастыру, ынталандыру, бағалау мәселелері қатар жүретіндігі белгілі. Аударма сапасын бағалау көпсатылы үдеріс болғандықтан, ол әлі де терең зерттеуді қажет етеді.

Зерттеу нәтижесінде, біріншіден, оқулық аудармасында түпнұсқаның денотативті мазмұнын дұрыс жеткізбеуге байланысты қателер кездесті. Әлбетте, мұндай қателер мағынаның айтарлықтай бұрмалануына әкелмейді, дегенмен студенттердің мәтінді түсіну мен қабылдауға кедергі келтіреді. Екіншіден, аударма барысында терминдерді аударудағы бірізділіктің сақталмауы байқалды. Мұндай жағдай білім алушыларды шатастырады. Бірізділік – термин атаулыға қойылатын басты талаптардың бірі. Кірме терминдердің дұрыс баламасын таба білу де аудармашыларға үлкен міндет жүктейді. Үшіншіден, аудармада түпнұсқа мәтіннің стилін дәл жеткізбеу, студенттердің аудармада қолданылған әдеби сөз орамдарын түсінбеуіне алып келді.



Төртіншіден, аударма барысындағы толықтыру мен түсіру сияқты аударма трансформациялары мәтіннің прагматикасына әсер етеді. Түпнұсқадағы сөйлемнің маңызды бөлігінің қысқартылуы аударма сәйкессіздігіне әкеледі. Аудармада мәтіннің синтаксистік құрылымын сақтау маңызды.

Зерттеу барысында көптеген мысалдар талданды, бірақ мақаланың көлемі бұл талдауларды толық қамтуға мүмкіндік бермейді. Оқулық түпнұсқаға барынша жақын аударылған.

«Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» шеңберінде жарияланған академиялық стильдегі оқулықтардың аударылу сапасын бағалауға алғаш рет талпыныс жасалды. Лингвистикалық аспектіде аударманың сапасын бағалау, белгілі бір нәтижеге қол жеткізу отандық аударма сапасын көтерудің бірден-бір жолы болып табылады.

*Мақала ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті 2023-2025 жылдарға арналған ғылыми жобасы бойынша ЖТН АР19680449 «Аударма сапасын бағалау: ғылым және оқу салалары» тақырыбы бойынша гранттық қаржыландыру аясында жарияланды.*

### Әдебиеттер

Aubakir N.A. (2019) Translation Quality Assessment of popular science material (on the material of the «National Geographic» article): Juliane House's model // Вестник Карагандинского университета. Серия «Филология». – 2019. – №4(96). – 30-35-66.

Әдебиет порталы. Қазіргі аударма сапасы туралы [Электронды ресурс]. URL: <https://www.youtube.com/watch?v=8HyAhwo94Pw> (қаралған күні: 05.08.2023).

Бузаджи Д.М., Гусев В.В., Ланчиков В.К., Псурцев Д.В. (2009) Новый взгляд на классификацию переводческих ошибок. – Москва, 2009. – 122 с.

Есембеков Т.О. (2007) Мәтінді аудару және интерпретация курсы // Аударматану мен әдеби компаративистиканың өзекті мәселелері: республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы, 2007. – 5-7-66.

Жұмабекова А.Қ., Ауелбекова А.Е. (2021) Ғылыми дискурстың баламалылығына жету аспектілері // Торайғыров университетінің Хабаршысы. Филология сериясы. – 2021. – №1. – 114-124-66.

Janson T. (2012) The History of Languages: An Introduction. – Oxford Linguistics, 2012. – 280 p.

Комиссаров В.Н. (2000) Общая теория перевода: Проблемы переводоведения в освещении зарубежных ученых (Учеб. пособие). – Москва: ЧеРо, 2000. – 136 с.

Castilho S., Doherty S., Gaspari F., Moorkens J. (2018) Approaches to Human and Machine Translation Quality Assessment. – P. 1-29.

Martínez Mateo R. (2016) Aligning qualitative and quantitative approaches in professional translation quality assessment. Encuentro 25. – 2016. – P. 36-44.

Williams M. (2009) Translation Quality Assessment: Mutatis Mutandis. – Vol. 2 (1). – 2009. – P. 3-23.

Fernando P.R. (2015) Quality assurance in legal translation: evaluating process, competence and product in the pursuit of adequacy // International Journal for the Semiotics of Law 28. – 2015. – P. 11-30.

House J. (2015) Translation Quality Assessment Past and Present. – 2015. – 153 p.

Shen H., Ke C. (2007) Radical awareness and word acquisition among nonnative learners of Chinese // The Modern Language Journal, 91. – 2007. – P. 97-111.

Янсон Т. (2019) Тіл тарихы: Кіріспе. – Астана: «Ұлттық Аударма Бюросы» қоғамдық қоры, 2019. – 244 б.

### References

Aubakir N.A. (2019) Translation Quality Assessment of popular science material (on the material of the «National Geographic» article): Juliane House's model. – Bulletin of the Karaganda University. Philology series. – №4 (96). – P. 30-35. (in English)

Adebiet portaly. Qazirgi audarma sapasy turaly [About the current translation quality] [Electronic resource]. URL: <https://www.youtube.com/watch?v=8HyAhwo94Pw> (accessed date 05.08.2023) (in Kazakh)

Buzadzhi D.M., Gusev V.V., Lanchikov V.K., Psurtsev D.V. (2009) Novyj vzgljad na klassifikaciju perevodcheskih oshibok. – Moskva, 2009. – 122 s. [Buzadzhi D.M., Gusev V.V., Lanchikov V.K., Psurtsev D.V. (2009) A new look at the classification of translation errors. – Moscow, 2009. – 122 p.] (in Russian)

Castilho S., Doherty S., Gaspari F., Moorkens J. (2018) Approaches to Human and Machine Translation Quality Assessment. – 2018. – P. 1-29. (in English)

Esembekov T.O. (2007) Matindi audaru zhane interpretaciya kursy. Audarmatanu men adebi komparativistikanyng ozekti maseleleri: respublikalyq gylymi-teorijalyq konferenciya materialdary. – Almaty, 2007 – 5-7-bb. [Yesebekov T.O. (2007) Text translation and interpretation course. – Almaty, 2007 – P. 5-7.] (in Kazakh)

Fernando P.R. (2015) Quality assurance in legal translation: evaluating process, competence and product in the

- pursuit of adequacy. – International Journal for the Semiotics of Law 28. – 2015. – P. 11-30. (in English)
- House J. (2015) Translation Quality Assessment Past and Present. – 2015. – 153 p. (in English)
- Zhumabekova A.Q., Auelbekova A.E. (2021) Gylymi diskurs balamalylygyna zhetu aspektleri. – Torajgyrov universiteti habarshysy. Filologiya serijasy. – 2021. – №1. – 114-124-bb. [Zhumabekova A.Q., Auelbekova A.E. (2021) Aspects of achieving the equivalence of scientific discourse. – Bulletin of Torajgyrov University. Philological series. – 2021. – №1. – P. 114-124.] (in Kazakh)
- Janson T. (2012) The History of Languages: An Introduction. – Oxford Linguistics, 2012. – 280 p. (in English)
- Janson T. (2019) Til tarihy: Kirispe. – Astana: «Ulttyq Audarma Bjurosy» qogamdyq qory, 2019. – 244 b. [Janson T. (2019) The History of Languages: An Introduction. – Astana: Public Foundation "National Bureau of translation", 2019. – 244 p.] (in Kazakh)
- Komissarov V.N. (2000) Obshchaja teorija perevoda: Problemy perevodovedeniya v osveshhchenii zarubezh. uchenyh. (Ucheb. posobiye). – Moskva: CheRo, 2000. – 136 s. [Komissarov V. N. (2000) General theory of translation: Problems of translation studies in foreign coverage. scientists (Textbook). – Moscow: Chero, 2000. – 136 p.] (in Russian)
- Martínez Mateo R. (2016) Aligning qualitative and quantitative approaches in professional translation quality assessment. Encuentro 25. – 2016. – P. 36-44 (in English)
- Shen H., Ke C. (2007) Radical awareness and word acquisition among nonnative learners of Chinese. – The Modern Language Journal, 91. – 2007. – P. 97-111 (in English)
- Williams M. (2009) Translation Quality Assessment: Mutatis Mutadis. – Vol. 2 (1), 2009. – P. 3-23 (in English)

*Мақаланың редакцияға түскен күні: 31.08.2023*